



Тарих пен бейне: Әбілхан Қастеев шығармашылығына арналған дәріс

2026 жылғы 14 қаңтарда Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы жүзеге асырып отырған «Күміс университет» бағдарламасы аясында «Бейнелеу өнері» бағыты бойынша кезекті дәріс Әбілхан Қастеевтің музей-үйінде өтті. Дәріс ұлттық бейнелеу өнерінің қалыптасу тарихын тереңінен танып-білуге және көркем мұрамен тікелей мәдени ортада жүздесуге бағытталды.

Кездесу барысында Ә. Қастеев музей-үйінің ғылыми қызметкері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, суретші-публицист Еркін Нұразхан тыңдармандарға ұлы суретшінің өмір жолы мен шығармашылық мұрасын қамтыған мазмұнды экскурсия жүргізді. Экскурсияда Әбілхан Қастеевтің кәсіби қалыптасу кезеңдері, көркемдік дүниетанымының ерекшеліктері және қазақ бейнелеу өнерінің дамуына қосқан тарихи үлесі кең мәдени-әлеуметтік контекст аясында баяндалды. Суретшінің туындылары арқылы XX ғасырдағы қазақ қоғамының рухани-әлеуметтік болмысы мен эстетикалық құндылықтары айқын ашып көрсетілді.

Дәрістің екінші бөлімінде өнертанушы Л.А. Кенжебаева Әбілхан Қастеевтің пейзаждық, тұрмыстық жанр және тарихи тақырыптағы шығармаларына арналған дәріс оқыды. Баяндамада суретшінің тарихи сюжеттерді бейнелеудегі көркемдік тілі, композициялық құрылымы, пластикалық ойлау жүйесі мен символикалық мәндері кәсіби өнертанулық талдау негізінде қарастырылды.

Аталған дәріс тыңдармандардың көркем мұраны қабылдау мәдениетін арттырып қана қоймай, ұлттық бейнелеу өнерінің тарихи сабақтастығын терең түсінуге, Әбілхан Қастеев шығармашылығының қазақ көркем мәдениетіндегі орны мен маңызын жаңа қырынан пайымдауға мүмкіндік берді.